

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 58 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 9 маусымда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6282 болып енгізілді.

Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) **Басқармасы** **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Агенттіктің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулыға қосымшаның 2-тармағының жиырма төртіншіден жиырма алтыншыға дейінгі абзацтарының қолданылуы 2010 жылғы 1 мамырдан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға таралады.

3. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 58 қаулысына қосымша

Агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесі

Агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Қ а у л ы с ы м е н .**

2. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) **қ а у л ы с ы м е н .**

3. Агенттік Басқармасының «Банк конгломераттарына арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемелері мен нормативтік мәнін, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есеп берудің нысандары мен мерзімін белгілеу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 44 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4148 тіркелген) **қ а у л ы с ы н а :**

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Банк конгломераттарына арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу мақсаттары үшін Standard & Poor,s агенттігінің рейтингтік бағасынан басқа уәкілетті органмен Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің рейтингтік бағалары да танылады (бұдан әрі - басқа рейтинг агенттіктері).»;

11-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бас банкі не банк холдингі бар болған кезде 0,10-нан кем болмайды.»;

14-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«басқа да заемшылар үшін банк конгломераты меншікті капиталының жиырма бес проценті (оның ішінде, заемшы алдындағы қамтамасыз етілмеген шартты міндеттемелердің бланктік заемдары бойынша не заемшыға банк конгломератының ағымдағы және содан кейінгі екі ай ішінде талап етуі мүмкін үшінші тұлғаның пайдасына, сондай-ақ Standard&Poor's агенттігінің рейтингі немесе одан басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің бір тармағынан төмен болмайтын осы деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттеріне және Standard&Poor's агенттігінің «А» рейтингінен төмен емес рейтингі немесе одан басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент еместеріне қойылатын талаптарды қоспағанда, оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместерінің міндеттемелері бойынша банк конгломераты меншікті капиталының 0,10-нан астам емес).».

4. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2013 № 212 **қаулысымен** (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) .

5. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК